



КЕЛІСЕМІН:  
Оқу ісінң меңгерушісі  
Нурқабасва Ж.М.  
«.....».....2021 жыл

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
бастауыш сынып пән бірлестігінің 2021-2022 оқу жылына жұмыс жоспары

2021-2022 оқу жылы

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің сапалық құрамы**

**2021-2022 оқу жылы**

	Аты-жөні	Бітірген оқу орны	Білімі	Санаты	Пед.жұмыс өтілі
1	Бергенбай Майгул	Гумелев атындағы ЕҰУ Бастауыш педагогика оқыту әдістемесі 2005	Жоғары	Педагог-сарапшы Бұйрық № 248 - жж 22.07.2019 ж	18 жыл 11 ай
2	Ожай Лиза	Көкшетау Абай Мырзахметов атындағы Бастауыш педагогика оқыту әдістемесі 2012 год	Жоғары	Педагог-зерттеуші Бұйрық № 253 22.12.2018 ж.	24 жыл 9ай.
3	Хыдырхан Майра	Астана қ. ЕАГИ Бастауыш педагогика оқыту әдістемесі 2005 жыл	Жоғары	Жоғары санатты	28 жыл 10ай
4	Тохай Бақытбек	Көкшетау қ. Ж.Мусина атындағы Казпед колледж Бастауыш сынып мұғалімі. 2014 жыл	Арнайы орта	педагог - модератор Бұйрық № 151 29.06.2018 ж.	6 жыл 9 ай
5	Абитаева Риза Досымбековна	Астана қ. Гуманитарлық колледж Бастауыш сынып мұғалімі 2011 жыл	Арнайы орта	2-12	10жыл 2 ай
6	Майт Серікгүл	Көкшетау қ. Ж.Мусина атындағы Казпед колледж Бастауыш сынып мұғалімі. 2008 жыл	Арнайы орта	2-12	11 жыл
7	Ерманат Күнселу	Павлодар пед.мем.университеті Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу 2019 жыл	Жоғары	Санатсыз (дайындық сыныбы мұғалімі)	1ж.11 ай
8	Икар Қымбат	Астана қ. Гуманитарлық колледж Бастауыш сынып	Арнайы орта	Санатсыз	-
9	Нуркебаева Жанар Маратовна	Солтүстік Қазақстан Университеті 2003 жыл Бастауыш педагогика оқыту әдістемесі	Жоғары	Санатсыз	4 жыл 7 ай
10	Сәрсенби Иман	Абай Мырзахмет атындағы Көкшетау университеті 2021 жыл	Жоғары	Санатсыз	-
11	Жанарбек Шолпан	Көкшетау қ. Ж.Мусина атындағы . Педагогикалық колледж	Арнайы орта	Санатсыз (дайындық сыныбы мұғалімі)	5ж.11ай
12	Шахманова Нургул Еркентаева	Гумелев атындағы ЕҰУ Бастауыш педагогика оқыту әдістемесі 2005	Жоғары	Педагог-сарапшы Бұйрық № 321 - ж 27.12.2018 г.	22ж.6ай



## Мұғалімдердің біліктілік арттыру курсынан өткені жайлы ақпарат

2021-2022 оқу жылы

	Аты-жөні	Біліктілікті арттыру курсы
1	Бергенбай Майгул	2019 жыл ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат көлемінде оқыту курсы аяқтады. «Өрлеу» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» 14 наурыз 2019 жыл БЖ № 024771
2	Ожай Лиза	2019 жыл Сертификат ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат көлемінде оқыту курсы аяқтады. «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» 17 маусым 2019 жыл БЖ № 02484
3	Хыдырхан Майра	2017 жыл «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат көлемінде оқыту курсы аяқтады. 21.02.2017 жыл БЖ № 009931  ҚР Білім және ғылым министірлігі «Өрлеу» «БАҰО» АҚ Сертификат «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми -әдіснамалық негіздері» 15.02.2019 жыл. № 0250192  2021 жыл «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген «Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» бойынша 80 академиялық сағат көлемінде курсы аяқтады.
4	Тоғай Бакытбек	2017 жыл «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат көлемінде оқыту курсы аяқтады 21.02.2017 жыл БЖ № 009924
5	Абитаева Риза Досымбековна	2017 жыл ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламалары ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат көлемінде оқыту курсы аяқтады 19.06.2017 жыл БЖ № 021504
6	Майт Серікгул	2019 жыл Сертификат ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат көлемінде оқыту курсы аяқтады. «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» 17 маусым 2019 жыл БЖ № 024838  2021 жыл «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген «Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» бойынша 80 академиялық сағат көлемінде курсы аяқтады.
7	Шахманова Рургуль	ҚР Білім және ғылым министірлігі Сертификат ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілді мектептердегі "Орыс тілі мен әдебиеті" пәні бойынша педагог

«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Жолымбет кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
**2020-2021 оқу жылы бойынша**  
**бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің**  
**жылдық есебі**

*Жаңартылған білім мазмұны негізінде мұғалімнің шығармашылық тәжірибесін қалыптастыру, педагогикалық шеберлігін дамыту. Оқушыларды жеке тұлға ретінде дамыта отырып, функционалдық сауаттылығын жан – жақты дамыту».*

Бастауыш сынып әдістемелік жұмысының мақсаты оқушылардың өмір талабына сай білім негіздерін бере отырып, *функционалдық сауаттылығын, танымдық қасиеттерін дамыту, шығармашылық қасиеттерін жетілдіру.*

**Міндеттері:**

- Білім мазмұны мен оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңарту арқылы білім сапасын арттыру;
- Оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
- Ұжымды ғылыми ізденіске бағыттау, педагогикалық ынтымақтастықты нығайту;

Бастауыш сыныпта 7 мұғалім екі ауысымда жұмыс жасайды. Мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы.

р/с	Аты жөні	Білімі	Жұмыс өтілі	Санаты
1	Хыдырхан Майра	жоғары	28	жоғары
2	Ожай Лиза	жоғары	25	Педагог-зерттеуші, I санат
3	Бергенбай Майгүл	жоғары	18	Педагог-сарапшы, I санат
4	Майт Серікгүл	арнайы орта	11	II санат
5	Абитаева Р.Д.	арнайы орта	8	II санат
6	Тохай Бакытбек	арнайы орта	7	Педагог-модератор
7	Ерманат Күнсұлу	жоғары	1	Санатсыз

**ӘБ-тің әрбір мұғалімнің сабақ беру барысында білім берудің заманауи озық технологияны қолдануы.**

Мұғалімнің аты, жөні	Педагогикалық озық технология
Хыдырхан Майра	жеті модульді кіріктіре отырып жаңартылған білім беру мазмұнын іске



	асыру
Ожай Лиза	7 модульді,СТО колдану
Бергенбай Майгүл	7 модульді колдану
Майт Серикгул	СТО элементтері
Тохай Бақытбек	В.В.Давыдов пен Л.В.Званковтың «Дамыта оқыту технологиялары»,
Ерманат Күнсүлу	Дамыта оқыту технология, СТО элементтері, ойын арқылы оқыту әдісі

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің I жарты жылдыққа жоспарланған жұмыстары, жиналыстары, іс шаралары штаттық режимге сай өз уақытында өтілді.

Қыркүйек айында бастауыш сынып ұжымы нормативтік құжаттармен, әдістемелік нұсқау хатпен таныстырылды. Жаңа оқу жылына жұмыс жоспарлары талқыланып, бекітілді. Әрбір сынып жетекшілері пән бойынша тақырыптық күнтізбелік жоспарларын және БЖБ,ТЖ бағалаудың жоспары құрылып кестесі жасалып бекітілді.Пән мұғалімдеріне тиесілі міндеттері бөлінді. Оқушылар толық оқулықпен қамтамасыз етілді. Төтенше жағдайға байланысты кезекші сыныптар құрылып, ата-аналардың өтінішін ескере отырып бастауыш сынып оқушылар толығымен мектепте оқитын боп шешілді.Санитарлық нормаларды сақтай отырып, сыныптар тәртіпке сай жабдықталды.Қыркүйек айының бірінші аптасында ӘБ отырыс жоспарланып, штаттық режимге байланысты биылғы оқу жылындағы бағалаудың ерекшеліктері таныстырылып, талқыланды.

Қыркүйек айының соңғы аптасында дарынды және үлгерімі нашар оқушыларды анықтап, олармен жүргізілетін жұмыс жоспарлары құрылып бекітілді.

Сонымен қатар Тіл мерекесіне байланысты мектепшілік «Ана тілім-ардағым» айлығында тәрбие сағаттарын өткізді. Қабырға газеттер шығарылды. Атап айтсақ Хыдырхан М. Ожай Л., Майт С.Бергенбай М.Тохай Б. жетекшілік ететін 2 «А» «Ә»,3 «А», 3 «Ә»,4-сыныптардың қатысуымен өткен «Тіл мерейі-ел мерейі» тәрбие сағаты жас ұрпақтың ана тіліне деген сүйіспеншілін арттыратын кең мазмұнды өнегелі сабақ болды.

Іқазан қарттар күніне орай «Қарты бардың, қазынасы бар» тақырыбында челендж ұйымдастырылып, мектебімізде қызмет істеп, құрмет демалысына шыққан ұстаздарға құрмет көрсетіліп, сый сыяпат жасалды.

Жоспарға сай қараша айында 2-4 сынып оқушыларының жұмыс дәптерлері тексерілді. Тексеріс барысында оқушылардың каллиграфиясының төмендігі, дәптердің тазалығына ескертулер жасалды. Сонымен қатар 2-4 сынып оқушыларының күнделіктері тексеріліп, тиісті ескертулер берілді.




Тұңғыш Президент күніне орай «Менің тұңғыш Президентім» тақырыбында барлық сыныптар тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаттарында Елбасының балалық шағынан бастап қазіргі күнге дейінгі өмірінен сыр шертіліп, АКТ-ны қолдана отырып жоғары деңгейде жүргізілді. Атап айтсақ 3 «А», 3 «Ә» сынып с/ж (Майт С., Ожай Л.) шара аясында шығармалар сайысы өткізіліп 2-4 сыныптың барлық оқушысы қатысып, үздік шығармалар мектеп әкімшілігінің тарапынан марапатталды. Қараша айының соңғы аптасында мектепшілік пән олимпиадасы 3-4 сынып оқушылар арасында ұйымдастырылып оған 3-сыныптан 18 оқушы, 4-сыныптан 12 оқушы қазақ тілі, математика, жаратылыстану пәндері бойынша қатысты. 1,2,3-орынға ие болған оқушылар мектеп әкімшілігінің атынан мақтау қағазымен марапатталды.

Тәуелсіздіктің 29 жылдығына арналған мерекелік іс-шара 1 «А» сынып бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіз елім-Қазақстаным» атты әдеби-музыкалық ертеңгілік, 4-сыныпта «Тәуелсіз ел-тірегім» тақырыбында танымдық-патриоттық тәрбие сағаты ұйымдастырылып жас буынға тәуелсіздіктің қадір қасиетін кеңінен насихаттай отырып, елін, жерін сүйуге бағытталды.

Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық сайысына 4-сыныптан 11 оқушы, 3-сыныптан 15 оқушы қатысып, 4-сыныптан 1-дәрежелі дипломмен Тулегенова Асель, 2-дәрежелі дипломмен Жармакова Ақмира, 3Ә сыныбынан 2-дәрежелі дипломмен Агимова Сағыныш және Жанарбек Дархан, 3 «А» Амет Айберген 2-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Желтоқсан айының 30 күні жоспарға сай әдістемелік отырыс өтті. Отырыста жарты жылда атқарылған жұмыстар және 2-4 сынып оқушыларының білім сапасы, үлгеріміне талдау жасалды. Бірінші тоқсан бойынша әдістемелік отырыста оқушылардың білім сапасының айтарлықтай төмендеп кетуі 4-тоқсандағы онлайн оқу кезіндегі кейбір қателіктердің әсері және басқа себептерді қарастыра отырып, алдағы тоқсанға жоспар құрып, оқушылардың білім сапасына аса көңіл бөлу керек екені қатаң ескертілгені екінші тоқсан барысында өз нәтижесін берді.





Мектепішілік тәжірибе алмасу, зерттеу сабақтары айлығы қараша, желтоқсан аралығында ұйымдастырылып, мұғалімдер ашық сабақ өткізіп тәжірибе алмасты.

Тәжірибе алмасу ашық сабақтарды әр мұғалім екі сабақтан берді. Сабақтарда АКТ ны тиімді қолданып, оқытудың әртүрлі заманауи әдіс-тәсілдерін нәтижелі қолданды. Сабақтар әкімшілік және тәжірибелі ұстаздар тарапынан жоғары бағаланса, мектебіміздің жас мамандарына таптырмас тәжірибе алмасу алаңы болды.

Мұғалімдер түрлі дәрежедегі онлайн байқауларға, вебинар, семинарларға қатысып білім-біліктерін жетілдіріп, әртүрлі марапаттарға қол жеткізді.

Атап айтсақ, Бергенбай М. облыстық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіп одақ ұйымының Құрмет грамотасы, «Ұстаз. kz» сайтының “Қазан айында өткізілген «Қазақ тілі» Блиц-турнирінің 2-орын диплом, «Қазақ елі-Мәңгілік ел» журналының «Үздік педагогы-2020» байқауының бас жүлдесі.

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының «Қашықтықтан оқыту: сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін» тақырыбында біліктілігін арттыру курсынан өтіп сертификат алған мұғалімдер: Бергенбай М., Ожай Л., Хыдырхан М.

Ожай Л. «Ұстаз. kz» сайты жариялаған Халықаралық жобаның I, II дәрежелі дипломы. «Қазақ тілі» Блиц-турнирінің I дәрежелі диплом,

Абитаева Р.Д. «Ұстаз тілегі» Республикалық ғылыми әдістемелік орталығы Республикалық «Зияткерлік олимпиадасы-2020» 3-дәрежелі диплом, ADEBI.KZ білім сайты «Тәуелсіздік күні» Республикалық байқауында «Сыныптан тыс жұмыс» номинациясы бойынша 1-дәрежелі диплом,

Хыдырхан М. «Ұстаз тілегі» Республикалық ғылыми әдістемелік орталығы Республикалық «Зияткерлік олимпиадасы-2020» 1-дәрежелі диплом, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының «Өзін-өзі тану» рухани –адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі тану пәні мұғалімдеріне арналған Республикалық қашықтық олимпиадасына қатысып Сертификат, «USTAZ TILEGI» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Инклюзивті білім беру жүйесі: қазақстандық модельдің қиындықтары мен болашағы» республикалық онлайн конференцияға қатысқан үшін сертификат иеленді.

Қаңтар айында дарынды оқушылардың зерттеу жұмыстарының дайындығы, жүрілу барысы қадағаланып, қорытынды жасалып, ары қарай жұмыс жасауға нұсқаулық берілді.

Ақпан айында мектепішілік «Мен зерттеушімін» тақырыбында зерттеу жобалар байқау ұйымдастырылды. Байқауға 5 оқушы қатысып, 3-сыныптан Серікжан Ералы, 4-сыныптан Жармакова Ақмира аудандық «Зерде» зерттеу жобасына жолдама алып, сәуір айында аудандық байқауға қатысты. Мектепішілік «Үздік жыл мұғалімі-2021» байқауына әріптесіміз Майыт Серікгүл 4 кезең бойынша сынға түсіп 3-орынға, Абитаева Р.Д. белсене қатысқаны үшін мақтау қағазымен марапатталды. Оқушылар түрлі




онлайн байқау пәндік олимпиааларға белсене қатысып өз білім-білік дағдыларын сынады.

Атап айытсақ 4-сынып оқушысы Тулегенова Асель – КІО Республикалық олимпиадасына дүниетану пәнінен 1-дәрежелі диплом, «Шығармашылық мұра» атты Мұқағали Мақатаевтың-қазақтың ұлы ақыны, жазушының 90 жылдығына арналған ІҮ шығармашылық қашықтан өткізген байқауында І орын, дипломмен, «Кенгру-математика барлығы үшін» халықаралық интеллектуалдық – ойын конкурсының І дәрежелі дипломымен, Берікбол Кәусар-Мұқағали Мақатаев – қазақтың ұлы ақыны жазушының 90 жылдығына арналған «Соғады жүрек» атты өлеңдер байқауына қатысып грамотамен марапатталды. 3 «Ә» Агимова Сағыныш – «Балдурен Республикалық балалар мен жасөспірімдер сайты М.Мақатаевтың туған күніне орай ұйымдастырылған «Жыр жүйрігі-Мұқағали Мақатаев» атты шығармашылық байқауында «Мұқағали оқулары» гоминациясы бойынша үздік деп танылып, 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. 2 «А» сынып оқушысы Медеубек Жансу қазақ тілінен бастауыш сыныптар арасында қашықтан өткен олимпиададан 2-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Сәуір айының 12-23 аралығында бастауыш сынып онкүндігі жоспарланып, мақсатқа сай жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Апталық аясында мұғалімдер ашық сабақ, тәрбиелік мағынасы зор сынып сағаттарын, интеллектуалдық – ойын байқауларын, спорттық іс-шаралар, Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдығына орай «Күш атасын танымас» тақырыбында қазақша күрес, кітапханашы Сусар Алпамысқызы «Кітап-ақылшы досың!» тақырыбында кітап оқу акциясын ұйымдастырды.

Бөлім бойынша және тоқсандық бағалау жұмыстары кестеге сай уақытында алынып, күнделік kz. Журналына қойылып отырды.

Жылдық қорытынды бойынша білім мониторингісі



Биылғы оқу жылында бастауыш сынып бірлестігінің жоспарына сай, барлық іс-шаралар уақытында, нәтижелі өткізілді.

ӘБ. жетекшісі: Хыдырхан М.